



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП»
ҰАК» АҚ
ЭТИКА ЖӘНЕ
КОМПАЕНС КОДЕКСІ

қалта басылымы

«ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

Құрметті әріптестер!

Жыл сайын біздің Компаниямыз жаңа биіктерге қол жеткізуде. Акционерлер алдындағы, сонымен қатар мемлекеттің, Компания қызметкерлерінің, іскерлік әріптестеріміз бен жалпы қоғам алдындағы біздің жауапкершілігіміз де арта түсуде.

Біз берік қарым-қатынастар орнатқандығымызды мақтан тұтамыз, оларды сақтау үшін біз күнделікті қызметте әдепке сай мінез-құлықтың аса жоғары стандартын қолдауымыз тиіс.

Комплаенс және әдеп кодексі біздің бизнесті мөлдір және адал жүргізу идеясын ұстанатындығымызды білдіреді.

Кодексте құндылықтардың жаңартылған түсініктері мен Компания қызметінің қағидаттары және біздің Компанияны білдіруші әркім түсінуі және орындауы тиіс бизнесті жүргізу қағидалары берілген.

Мен сіздердің әрқайсысыңызға өз командалық мүшелері ретінде сенім артамын.

Біз біргеміз, бұл жауапкершілікті сезіне отырып және Компанияның бизнесті табысты жүргізуі үшін Кодекс нормаларын орындаудың маңыздылығын мойындай отырып, өз қызметімізде осында баяндалған қағидаларды ұстану және оларды орындау үшін барлық қисынды күштерді салу міндеттемесін өзімізге қабылдаймыз.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Басқармасының Төрағасы



КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Компанияның қозғаушы күші – бұл біз ұстанатын корпоративтік құндылықтар. Олар Компанияның корпоративтік мәдениетінің негізі болып табылады, жұмыскерлердің көзқарастары мен іс-қимылдарының бірлігін қалыптастырады, Компания мақсаттарына тиімді қол жеткізуге ықпал етеді.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жоғары азаматтық жауапкершілікті ұстанатын Компания бола отырып, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ қызметкерлермен, акционерлермен, әріптестермен және қоғаммен құқықтық қатынастарда заңдылықты сақтауға ұмтылады. Біз өз шешімдеріміз үшін жауапкершілік көтереміз. Біз Компания беделін ардақ тұтамыз.

КОМАНДА

Компания - ұйымшыл ұжымның көзқарастар, қағидаттар бірлігіне, өз адами капиталын дамытуға ұмтылысқа, командалық рух пен Компанияның ортақ мақсаттарына қол жеткізу үшін өзара әрекеттесуге негізделген үйлесімді жұмысы.

ҚАУІПСІЗДІК

Біз қоршаған ортаны құрметтейміз және қауіпсіз бизнес стандарттарын басшылыққа аламыз.

Біз жұмыс кезінде қауіпсіздік мәдениетін қолдаймыз және қауіпсіздік үшін жауап береміз.

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Менеджерлердің тәжірибелі командасы мен корпоративтік басқарудың жоғары стандарттары – Компания табысының кепілі.

ДАМУ

Экономикалық трансформацияның қарқынды өсуі жағдайында Компания клиенттердің талаптарын тиісті деңгейде қанағаттандыру мақсатында өз қызметіне инновацияларды енгізу бойынша үнемі жұмыс істейді.

Бұл дегеніміз:

- эксперимент жүргізу, міндеттерді шешуге жаңа тәсілдер іздеу және жаңа технологияларды енгізу;
- біз батыл әрекет етеміз және клиенттердің қажеттіліктерін болжай отырып, жаңамүмкіндіктерді жіберіп алмаймыз;
- белгіленген ережелерге қарсы тұру және берілген міндеттерге жаңа тәсілдер мен шешімдер табу;
- проблемалар туралы есеп беру, ой бөлісу және басқаларды тиісті тапсырмалар бойынша ынтымақтастыққа шақыру.



ӘР БІР АДАМҒА СЫЙЛАСТЫҚ

- Біз компания офисінде де, одан тыс жерлерде де әріптестерімізге, клиенттеріміз бен жеткізушілерімізге қатысты өзімізді дұрыс және кәсіби тұрғыда ұстай отырып, бір-бірімізге деген өзара сыйластықта қарым-қатынас жасаймыз.
- Бізде көп ұлтты қызметкерлер құрамы бар, сондықтан біз тілдік дағдылар мен ұлттық мәдениеттің айырмашылықтарын ескереміз. Көзқарастардың алуан түрлілігі барынша қолайлы қарым-қатынасқа алып келеді, бұл Қазақстан аумағында да, одан тыс жерлерде де әріптестермен, акционерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен жұмыс істеуге жемісті әсер етеді.
- Біз кез-келген нысанда, түрлерде және белгілерде кемсітушілікке жол бермейміз.



ИНСАЙДЕРЛІК САУДА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШУ

- Біз құпия / ішкі ақпараттармен, әсіресе кіммен сөйлесетінімізді, оны қайда және қалай сақтайтындығымызбен мұқият және абай боламыз.
- Біз кез-келген құпия / ішкі ақпаратты жеке мүдде үшін жарияламаймыз немесе пайдаланбаймыз.
- Біз ішкі ақпаратты ешкіммен, оның ішінде отбасымызбен және достарымызбен бөліспейміз. Біз ешқашан Қазатөнеркәсіппен немесе үшінші тұлғалардың құнды қағаздарымен инсайдерлік сауда жасау қылмысын жасамаймыз.
- Біз есептерде, құжаттарда және басқа да жария хабарламаларда ақпараттың толық, дұрыс, дәл және уақтылы ашылуын қамтамасыз етеміз.

КОМПАНИЯНЫҢ МҮЛКІ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРІ

- Біз компанияның мүлкін немесе қаржылық ресурстарын жеке (соның ішінде отбасылық) мақсатта пайдалану немесе пайда табу үшін, мүдделер қақтығысын тудыратын немесе орынсыз, заңсыз кез-келген қызмет үшін пайдаланбаймыз.
- Бізге жұмыста көмектесу үшін электрондық пошта, телефон және ноутбук сияқты электрондық ресурстар ұсынылады. Кейде біз бұл ресурстарды жеке мақсаттар үшін пайдалана аламыз, егер мұндай пайдалану компания жүйелеріне әсер етпесе, компания үшін шамадан тыс шығындарға әкелмесе немесе біздің еңбек міндеттерімізді орындауға кедергі келтірмесе.
- Біз рұқсатсыз компания мүлкін немесе компания құжаттарын өзгертпейміз, жоймаймыз немесе бүлдірмейміз.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

- Біз мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларды болдырмау үшін ақыл-ойды қолданамыз.
- Біз мүдделер қақтығысы туындамауы үшін сатып алу қызметінен бастап жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және құда-жекжаттардың бірлескен жұмысына шектеулер енгізуге дейінгі кез-келген формада ешқандай даудың туындауына жол бермейміз.
- Біз кез-келген нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысын ашып көрсетеміз.
- Біз қызметтік өкілеттігімізді жарияланбаған артықшылықтарды алу үшін пайдаланбаймыз.

АДАЛ ЖӘНЕ АШЫҚ КОНКУРЕНЦИЯ

- Біз еркін және әділ бәсекелестікке сенеміз. Біз этикаға сүйенеміз және қолданыстағы бәсекелестік туралы барлық заңнаманы және әлемдегі монополистік қызметке қатысты шектеулерді құрметтейміз.
- Біз бәсекелестеріміз, жеткізушілеріміз немесе тұтынушыларымыз туралы заңсыз ақпарат алмаймыз және бәсекелестеріміз туралы жалған ақпарат таратпаймыз.
- Біз бәсекелестермен немесе әлеуетті бәсекелестермен қарым-қатынас жасағанда, біз бәріміздің бәсекелесуімізге әсер етуі мүмкін құпия ақпаратпен бөліспейміз.

ІСКЕРІ ӘРІПТЕСТЕРДІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕС ӘРІПТЕСТЕРДІ МҰҚИЯТ ТАҢДАУ. **Due Diligence**

- Біз жұмыс істейтін жеткізушілерді, агенттерді, кеңесшілерді, қосалқы мердігерлерді, инвесторларды, бірлескен кәсіпорындар мен альянстарды мұқият таңдаймыз.
- Біз өз беделімізді бұзуы мүмкін адамдармен жұмыс істемейміз, сондықтан біз қолданыстағы заңнаманы әдейі және/немесе үнемі бұзатын компаниялармен немесе адамдармен ынтымақтастықты болдырмаймыз.
- Біз әртүрлі мемлекеттердің мемлекеттік органдары жариялаған тыйым салынған жеке немесе заңды тұлғалар тізіміне енгізілген компаниялармен немесе адамдармен жұмыс істемейміз.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ПАРА

- Біз ішкі және халықаралық нарықта жоғары азаматтық жауапкершілігі бар ұйым ретінде әрекет етеміз және өзіміздің күш-жігеріміз бен инновацияларымыздың тиімділігі арқасында нәтижелілікке қол жеткіземіз.
- Біз өз қызметіміздің барлық сатыларында парақорлықпен және сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша міндеттемелер аламыз. Әріптестермен және бизнес-серіктестермен күнделікті қарым-қатынаста осы міндеттемелерді қатаң сақтай отырып, біз компанияның беделін нығайтуға кепілдік береміз.
- Біз ешқашан пара ұсынбаймыз және қабылдамаймыз, қай жерде жұмыс істесек те, жағдайға және кім қатысқанына қарамастан. Біз сондай-ақ біздің агенттерге, қосалқы мердігерлерге, кеңесшілерге, инвесторларға немесе жеткізушілерге бұған жол бермейміз.
- Компанияның жұмыс барысында шешім қабылдауға ықпал ету үшін біз сыйлықтар, қызметтер, түскі ас, ойын-сауық ұсынбаймыз және алмаймыз.



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

Біз компанияның кез келген мән-жайлары немесе іс-әрекеттері, Әдеп кодексі мен комплаенсі бұзылғаны туралы белгілі болған барлық қызметкерлеріне осы проблемаларды бізбен талқылауға немесе бұл туралы жедел желі арқылы хабарлауға табандылықпен кеңес береміз. Егер сізде проблемалар болса, оларды елемеңіз.

Бізге хабарлаңыз.

- Комплаенс қызметіне сіз анықтамалықта көрсетілген нөмірлер бойынша немесе compliance@kazatomprom.kz мекен-жайы бойынша хабарласа аласыз.
- Қаласаңыз, сіз Компанияның Әдеп және комплаенс сенім телефонына тегін қоңырау шала аласыз.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК »АҚ Әдеп кодексі мен комплаенсі туралы толығырақ ақпаратты Комплаенс қызметінен және / немесе www.kazatomprom.kz веб-сайтынан алуға болады.

Қазатомөнеркәсіп қызметкерлердің бар немесе жоспарланған бұзушылықтар туралы хабарламаларына репрессиялық шараларды қабылдамайды.

Біз құпиялылық пен жасырындыққа кепілдік береміз. Өтініштер 100% қаралады.

Сенім телефонының байланыстарын www.kazatomprom.kz сайтынан алуға болады

Егер сіз Қазатомөнеркәсіпте жұмыс істемесеңіз немесе анықтамалыққа қол жеткізе алмасаңыз, Кодекстің бұзушылықтары туралы келесі электрондық мекенжай бойынша хабарлаңыз compliance@kazatomprom.kz..



KAZATOMPROM

NATIONAL ATOMIC COMPANY

Қазақстан Республикасы
Нұр-Сұлтан, Е10 көшесі, 17/12 үй
+ 7 (7172) 45-81-01
+ 7 (7172) 45-81-02
www.kazatomprom.kz